Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «28» мамыр №79
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. **Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Медицина жастары» Республикалық қоғамдық бірлестігі
2. **Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):** Әбдірәш Абылайхан Әбдікерімұлы
3. **Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** ҚР Астана қаласы, Тәуелсіздік 21/5, +7 702 770 0096
4. **Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты):** Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу
5. **Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні:** 1 тамыз 2024 жыл – 30 қараша 2024 жыл
6. **Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 7 716 000 тг

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1-міндет. Жастар арасында нашақорлық және лудомания індету бойынша алдын-алу жұмыстарын жүргізу.**

1 шара. Жастарға психологиялық кеңес.

Шымкент қаласында «Сенім телефоны» арқылы жастарға психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізді. 2024 жылдың шілде-қазан айларында Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу және жастарды қолдау мақсатында «Сенім телефоны» ұйымдастырылды. Бұл қызметке білікті психолог маман, Шынтореева Айгүл Канатқызы жетекшілік етті. Қызмет көрсетудің негізгі бағыттары: Телефон арқылы консультация беру - Әртүрлі сұрақтармен хабарласқан жастарға шұғыл түрде кеңес беру ұйымдастырылды. Қоңырау шалушылардың басым бөлігі өздерінің немесе жақындарының нашақорлық пен лудоманияға байланысты мәселелерін шешу үшін жүгінді. Кабинетте жеке қабылдау - Психолог кабинеті арқылы жасөспірім мен жастарға жеке консультация берілді. Жеке кездесулер барысында әрбір жағдайға терең талдау жасалып, жалпы 125 жасқа нақты психологиялық көмек көрсетілді. Мәселелердің өзектілігі: Қазіргі таңда нашақорлық пен лудомания тек мектеп оқушылары мен жасөспірімдер үшін ғана емес, сонымен қатар ересектер арасында да өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселелер адамның денсаулығына, психикалық жағдайына және әлеуметтік өміріне айтарлықтай зиян тигізуде. Психологтың көмегіне жүгінген жастардың басым бөлігі осы мәселелермен бетпе-бет келген, олардың өмір сапасы нашарлап, қиындықтарға тап болған. Бұл қызмет оларға өз жағдайларын түсініп, шешім табуға көмектесті. Қызмет нәтижелері: Психологтың кеңестері арқылы көптеген жастар мен олардың жақындары өз мәселелерін шешу үшін нақты қадамдар жасады. Көмекке жүгінгендердің көпшілігі өз өмірлерінде оң өзгерістер енгізіп, зиянды әдеттерден арылуға бағыт алды. Консультация барысында жастарға және олардың отбасыларына қажет ақпараттық материалдар, дағдарыс жағдайында әрекет ету жолдары мен қосымша қолдау ресурстары ұсынылды. Нашақорлық пен лудомания мәселелерінің алдын алу үшін осындай психологиялық көмек көрсету қызметтерін одан әрі

кеңейту қажеттілігі байқалды. Қоғамда бұл мәселелердің алдын алу бойынша ақпараттық науқандар мен профилактикалық бағдарламаларды күшейту маңызды.
«Сенім телефоны» арқылы көрсетілген қызмет жастар арасында өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік беріп, олардың денсаулығын, әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатын жақсартуға үлес қосты. Бұл жобаның нәтижесінде көптеген жастар өз өмірлерін жаңа бағытқа өзгертуге күш-жігер тапты.
2 шара Нашақорлықтың алдын-алу мәселелері бойынша шымкент қаласының жастары арасында әлеуметтік зерттеу жүргізу**.**
Шымкент жастары мен жасөспірімдері арасында нашақорлық пен лудоманияға қарсы әлеуметтік зерттеу 2024 жылдың шілде-қазан айларында, Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияға қарсы жастар мен жасөспірімдер арасында арнайы әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу қала жастарының осы мәселеге деген көзқарасын, түсінігін және алдын алу шараларына қатысты ұстанымдарын анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізу: 10 сұрақтан тұратын арнайы сауалнама құрастырылып, қала бойынша білім беру ұйымдары, жастар ұйымдары, сондай-ақ, жастар мен жасөспірімдердің жиі жиналатын орындарында өткізілді. Сауалнамаға қала жастары, жасөспірімдері мен оқушылары белсенді түрде қатысты. Барлығы 2000-нан аса жастар мен жасөспірімдер қамтылды.
Сауалнама нәтижелері: Респонденттердің көпшілігі нашақорлық пен лудоманияның зияндылығы туралы хабардар екенін, бірақ бұл мәселелердің алдын алу үшін қосымша ақпарат пен насихаттың қажет екенін атап өтті. Жастардың белгілі бір бөлігі салауатты өмір салтын қолдайтынын және зиянды әдеттерден аулақ болу маңызды екенін айтты. Қатысушылар нашақорлық пен лудоманияның алдын алу үшін білім беру мекемелерінде және қоғамда тұрақты ақпараттық іс-шаралар өткізуді ұсынды. Сауалнама нәтижелері қаладағы жастар мен жасөспірімдер арасында нашақорлық пен лудоманияға қарсы ақпараттандыру және алдын алу шараларын күшейту қажеттігін көрсетті. Бұл зерттеу жастардың денсаулығын қорғау және салауатты өмір салтын насихаттауда маңызды құрал болды.
3 шара. Шымкент қаласында өткізілетін орнын рәсімдей отырып, «Нашақорлықты тоқтат!» тақырыбында 5 акция өткізу.
Шымкент қаласында «Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу» тақырыбында өткен 5 акция ұйымдастырылды. 2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында Шымкент қаласында қоғамда нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мақсатында 5 ірі акция өткізілді. Іс-шаралар жастардың денсаулығын қорғауға, ақпараттандыру деңгейін арттыруға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыруға бағытталды. Әлеуметтік сауалнама жүргізу: Түркістан көшесі бойында және Орталық саябақта 150-ден аса жасөспірімдер мен жастар арасында есірткі және лудоманияның зияны туралы сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында қатысушылардың бұл мәселелерге қатысты ой-пікірлері тыңдалып, нашақорлық пен құмар ойындарының қауіптілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Есірткі жарнамаларын жою: Волонтерлер тобы мен полиция қызметкерлері қала аумағындағы қабырғаларда, көпқабатты үйлердің беттерінде және басқа қоғамдық орындарда орналасқан есірткі сайттарын жарнамалайтын жазбаларды өшіру жұмысын ұйымдастырды. Акция барысында 500-ден астам заңсыз граффити жойылды. Ақпараттық брошюралар тарату: Акциялардың барысында Тамерлан тас жолы, Әл-Фараби сауда орталығы, Арбат демалыс кешені, Б.Момышұлы көшесі және Shymkent Plaza сауда орталығында 2000 дана ақпараттық парақшалар таратылды. Бұл парақшаларда нашақорлық пен лудоманияның зиянды салдары туралы маңызды ақпараттар, олардан сақтану жолдары және байланыс орталықтарының деректері көрсетілді. Акциялардың негізгі мақсаттары: Қоғамға нашақорлық пен лудоманияның зиянды әсерлері туралы ақпарат беру; Бұл мәселелердің салдарын түсіндіру арқылы алдын алу шараларын насихаттау; Азаматтарды денсаулығын қорғауға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру. Жүргізілген 5 акцияның нәтижесінде Шымкент қаласының тұрғындары арасында нашақорлық пен лудоманияға қатысты ақпараттандыру деңгейі айтарлықтай артты. Әлеуметтік сауалнамалар жастардың пікірлерін ескере отырып, алдын алу

шараларын күшейтуге мүмкіндік берді. Есірткі сайттарын жарнамалайтын граффити жазбаларды жою қала келбетінің жақсаруына және құқықтық мәдениеттің артуына оң әсерін тигізді.
4 шара. Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша барлық суреттерді көрсетумен , суреттер конкурсын ұйымдастыру.
Отбасы күніне орай Шымкент қаласында «Таза сана – Жарқын болашақ» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың негізгі мақсаты – нашақорлық пен лудоманияның зиянына қоғам назарын аударып, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ, отбасылық құндылықтарды арттыру болды. Байқауға 14-35 жас аралығындағы 55 жас қатысты. Қатысушылар өз суреттерін әлеуметтік желі арқылы ұсынды. Әр жұмыс байқау тақырыбын шығармашылық тұрғыда ашуға бағытталды. Барлық ұсынылған суреттер арнайы комиссия мүшелерімен қаралып, 15 үздік жұмыс келесі кезеңге өтті. Іріктеу және бағалау: Іріктеуден өткен жұмыстар комиссияның сараптамасына ұсынылды. Бағалау критерийлері: Суреттің байқау тақырыбына сәйкестігі; Идеяның ерекшелігі мен креативтілігі; Орындау сапасы мен эстетикалық құндылығы. Қазылар алқасы суреттерді мұқият саралап, жеңімпаздарды анықтады.
Жеңімпаздар:
I орын: Нұрлан Айгерім Маратқызы
II орын: Тұрсынбек Жанерке Нұржанқызы
III орын: Бидосқызы Толқын
Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен сыйақы табысталды. Іріктеуден өткен қалған 12 қатысушыға сертификаттар мен алғыс хаттар ұсынылды. Байқау жастар мен жасөспірімдер арасында нашақорлық пен лудомания мәселелерін шығармашылық тұрғыда қозғап, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, байқау қатысушылары отбасылық құндылықтарды бейнелейтін көркем жұмыстарын ұсыну арқылы шығармашылық қабілеттерін шыңдады.
**2 міндет. Жастармен жұмыс жасайтын ҮЕҰ, оқу орындарының оқытушылық құрамы және белсенді жастар арасында нашақорлық және лудоманияға қарсы жұмыс дағдыларын күшейту.**
1 шара. Қаланың орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқушылар үшін спикерлердің қатысуымен кемінде 50 ақпарттық түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру.
2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында Шымкент қаласының орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мақсатында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Қала бойынша жалпы **53** ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылды. Әр шарада арнайы дайындалған спикерлер мен білікті мамандар (психологтар, наркологтар, құқық қорғау органдарының өкілдері) қатысып, жастарға өзекті ақпараттар берді. Іс-шаралар интерактивті форматта өткізіліп, қатысушыларға сұрақ-жауап сессиялары ұйымдастырылды. Барлық іс-шараларға 3050-ден астам жастар қатысты. Қатысушылар қатарында қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының студенттері болды.
Іс-шаралардың негізгі тақырыптары:
1. Нашақорлықтың денсаулыққа зияны және оның психологиялық әсері.
2.Лудоманияның жеке тұлға мен отбасы өміріне тигізетін кері әсері.
3.Зиянды әдеттердің алдын алу жолдары және қиындықтарды еңсеру тәсілдері.
4.Салауатты өмір салтын ұстанудың артықшылықтары.
5.Құқықтық білім беру: нашақорлық пен лудоманияға қатысты заңнамалық нормалар.

Қатысушылар нашақорлық пен лудоманияның зиянды салдары туралы нақты ақпарат алды. Жастар арасында зиянды әдеттерге қарсы тұруға мотивация қалыптасып, салауатты өмір салтын ұстану туралы түсінік кеңейді. Спикерлердің ұсыныстары мен кеңестері жастар арасында белсенді түрде талқыланды. Бұл іс-шаралар жастарды зиянды әдеттердің алдын алуға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға және қоғамдағы өзекті мәселелерді түсінуге бағыттады. Осындай жүйелі жұмыстар жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және олардың зиянды әрекеттерден аулақ болуына оң әсерін тигізді.

2 шара. Шымкент қаласында орналасқан мектеп директорларының орынбасарлары мен психолог мамандары арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу тақырыбында форум өткізу.

Шымкент қаласында мектеп директорларының орынбасарлары, психолог мамандар және жастардың қатысуымен нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бағытында «Relife» форумы өтті. Форумға 560 адам қатысты. Іс-шара барысында спикерлер нашақорлық пен лудоманияның зиянды салдары, алдын алу жолдары және жастар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша мазмұнды баяндамалар жасады. Форум аясында жоба шеңберінде ұйымдастырылған «Таза сана – Жарқын болашақ» тақырыбындағы сурет байқауы мен «Жеңімпаз өмір» бейнероликтер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Жеңімпаздарға дипломдар мен арнайы сыйлықтар табысталды. Форум зиянды әдеттердің алдын алу және жастардың салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру мақсатында маңызды алаң ретінде жоғары бағаланды.

3 шара. Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелрі бойынша орта, арнаулы және жоғары білім беру ұйымдары мектеп психологтары мен жастармен жұмыс жасайтын мамандарының әлеуетін арттыру бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру.

Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелері бойынша орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының мектеп психологтары мен жастармен жұмыс жасайтын мамандардың әлеуетін арттыру мақсатында екі оқыту іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында қатысушыларға жаңа әдіснамалар ұсынылып, олардың тәжірибесінде қолдануға болатын тиімді тәсілдер таныстырылды. Шаралар интерактивті форматта өтіп, еркін пікір алмасу алаңына айналды. Мамандар бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, ортақ мәселелерді шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар, іс-шара барысында қатысушылар арасында сауалнама жүргізіліп, нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша жаңа ұсыныстар мен идеялар жинақталды. Іс-шара соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Бұл оқыту іс-шаралары мамандардың кәсіби біліктілігін арттырып, жастар арасында зиянды әдеттердің алдын алу жұмыстарының тиімділігін жақсартуға бағытталды. Қатысушы саны – 42.

1 шара. Нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыс (көше билбордтарын кемінде 20 баннер орнату, нашақорлықпен лудоманияның 4 бейнеролик (мемлекеттік және орыс тілінде) дайындау.

https://www.instagram.com/reel/DD9-U91Nf6B/?igsh=NTV3dXdqMTNyZzNl
https://www.instagram.com/reel/DD9-dARtJNz/?igsh=dDZ5Z21seXNqMWJ4
https://www.instagram.com/reel/DD9-mPYNTqR/?igsh=MWluNmpvNjdxcGE2cw==
https://www.instagram.com/reel/DD9-tcYNOC_/?igsh=M2kzaDVjMjlwMTBo

Тапсырыс берушімен келісілген эскиз бойынша Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Қала көшелерінде кемінде 20 (билборд ретінде) LED-ке нашақорлықтың зияны мен алдын алу туралы ақпараттық баннерлер орнатылды. Сонымен қатар, нашақорлық пен лудоманияның алдын алуға бағытталған 4 бейнеролик мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалып, әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындардағы LED-экрандарда көрсетілді. Бұл бейнероликтер зиянды әдеттердің салдары мен олардың алдын алу жолдары туралы халықты

ақпараттандыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Іс-шаралар тұрғындар арасында ақпараттық жұмыс жүргізуді күшейтіп, қоғамда салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға оң ықпалын тигізді.
2 шара. Нашақорлықпен лудоманияның алдын алу бойынша бейнероликтер конкурсын ұйымдастыру (1 орын – 150 000 теңге, 2 орын – 100 000 мың теңге, 3 орын – 70 000 теңге)
Жоба аясында әлеуметтік желілерде «Жеңімпаз өмір» бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Байқау 14-35 жас аралығындағы жастар арасында өткізіліп, салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен лудоманияға қарсы күресті мақсат етті.
Байқауға Шымкент қаласының 14 тұрғыны қатысты. Қатысушылар бейнероликтерінде зиянды әдеттердің салдары туралы ойларын шығармашылық тұрғыда жеткізіп, салауатты өмір сүрудің маңыздылығын көрсетті.

**Қорытындысы бойынша жеңімпаздар:**

- **I орын:** Бораш Лаура
- **II орын:** Құрымбаева Заура
- **III орын:** Серікқызы Қасиет

Жеңімпаздар арнайы дипломдар мен ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Байқау жастар арасында өзекті мәселелерге назар аударып, салауатты өмір салтын насихаттауда маңызды рөл атқарды.

**1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:**

Жоспарланған міндеттер орындалды, сандық және сапалық индикаторларға қол жеткізілді

**2) Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

қаланың орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқушылар үшін спикерлердің қатысуымен кемінде 50 ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастырылды;
Шымкент қаласында орналасқан мектеп директорларының орынбасарлары мен психолог мамандары арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу тақырыбында форум өтті;
4 ай ішінде нашақорлықпен және лудоманиямен ауыратын жастармен психологтың жеке қабылдауын өткізді;
нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелері бойынша орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдары психологтарының әлеуетін арттыру бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастырылды;
нашақорлықтың алдын алу мәселелері бойынша Шымкент қаласының жастары арасында әлеуметтік зерттеу жүргізілді;
Шымкент қаласында өткізілетін орнын ресімдей отырып, «Нашақорлықты тоқтат!» тақырыбында 5 акция өтті;
Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша барлық суреттерді көрсетумен, суреттер конкурсын ұйымдастырылды;
Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша бейнероликтер конкурсын ұйымдастырылды;
Нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыс (көше билбордтарына кемінде 20 баннер орнату, нашақорлық пен лудоманияның алдын алуға бағытталған 4 бейнеролик дайындалды;
Әрбір іс-шараның фото және бейне түсірілімін ұйымдастырылды.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Шымкент жастары арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | |

| Міндет | Міндет шеңберіндегі іс-шаралар | Өткізілу күні | Өткізілу орны | Қатысушылардың саны | (Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер | Сандық және сапалық көрсеткіштер | Индикаторлар | | Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жоспар | факт | |
| **1 міндет. Жастар арасында нашақорлық және лудомания індеті бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу** | Жастарға психологиялық кеңес. 4 ай ішінде нашақорлықпен және лудоманиямен ауыратын жастармен психологтың жеке қабылдауын өткізу | тамыз - караша 2024 ж | Шымкент қаласы | 125 | Шымкент қаласында «Сенім телефоны» арқылы жастарға психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізді. 2024 жылдың шілде-қазан айынан бастап, Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу және жастарды қолдау мақсатында «Сенім телефоны» ұйымдастырылды. Бұл қызметке білікті психолог маман, Шынтореева Айгүл Канатқызы жетекшілік етті. | Келісілген жедел және анонимді желі<br>Хабарландыруды әлеуметтік желі арқылы жариялау<br>Кеңес алушылар саны - кемінде<br>Кеңес алу журналы<br>Психолог маманның түйіндемесі<br>Фото<br>Бейне есеп | 1<br>1<br>100 адам<br>1<br>1<br>8<br>1 | 1<br>1<br>125 адам<br>1<br>1<br>12<br>7 | Шымкент қаласында «Сенім телефоны» арқылы жастарға психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізді. 2024 жылдың шілде-қазан айынан бастап, Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу және жастарды қолдау мақсатында «Сенім телефоны» ұйымдастырылды. Бұл қызметке білікті психолог маман, Шынтореева Айгүл Канатқызы жетекшілік етті. Қызмет көрсетудің негізгі бағыттары: Телефон арқылы консультация беру - Әртүрлі сұрақтармен хабарласқан жастарға шұғыл түрде кеңес беру ұйымдастырылды. Қоңырау шалушылардың басым бөлігі өздерінің немесе жақындарының нашақорлық пен лудоманияға байланысты мәселелерін шешу үшін жүгінді. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | Кабинетте жеке қабылдау - Психолог кабинеті арқылы жасөспірім мен жастарға жеке консультация берілді. Жеке кездесулер барысында әрбір жағдайға терең талдау жасалып, жалпы 125 жасқа нақты психологиялық көмек көрсетілді. Мәселелердің өзектілігі: Қазіргі таңда нашақорлық пен лудомания тек мектеп оқушылары мен жасөспірімдер үшін ғана емес, сонымен қатар ересектер арасында да өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселелер адамның денсаулығына, психикалық жағдайына және әлеуметтік өміріне айтарлықтай зиян тигізуде. Психологтың көмегіне жүгінген жастардың басым бөлігі осы мәселелермен бетпе-бет келген, олардың өмір сапасы нашарлап, қиындықтарға тап болған. Бұл қызмет оларға өз жағдайларын түсініп, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | шешім табуға көмектесті. Қызмет нәтижелері: Психологтың кеңестері арқылы көптеген жастар мен олардың жақындары өз мәселелерін шешу үшін нақты қадамдар жасады. Көмекке жүгінгендердің көпшілігі өз өмірлерінде оң өзгерістер енгізіп, зиянды әдеттерден арылуға бағыт алды. Консультация барысында жастарға және олардың отбасыларына қажет ақпараттық материалдар, дағдарыс жағдайында әрекет ету жолдары мен қосымша қолдау ресурстары ұсынылды. Нашақорлық пен лудомания мәселелерінің алдын алу үшін осындай психологиялық көмек көрсету қызметтерін одан әрі кеңейту қажеттілігі байқалды. Қоғамда бұл мәселелердің алдын алу бойынша ақпараттық науқандар мен профилактикалық бағдарламаларды күшейту маңызды. |

| | | | | | | | | | Қосымша 1 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Нашақорлықтың алдын алу мәселелері бойынша Шымкент қаласының жастары арасында әлеуметтік зерттеу жүргізу Нашақорлықтың алдын алу мәселелері бойынша Шымкент қаласының жастары арасында әлеуметтік зерттеу жүргізу және нәтижелерін одан әрі зерттеу (қатысушылар саны кемінде – 2 000 жастар); | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 6839 | 2024 жылдың шілде-қазан айларында, Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияға қарсы жастар мен жасөспірімдер арасында арнайы әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу қала жастарының осы мәселеге деген көзқарасын, түсінігін және алдын алу шараларына қатысты ұстанымдарын анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізу: **10** сұрақтан тұратын арнайы сауалнама құрастырылып, қала бойынша білім беру ұйымдары, жастар ұйымдары, сондай-ақ, жастар мен жасөспірімдердің жиі жиналатын орындарында өткізілді. Сауалнамаға қала жастары, | келісілген сауалнама сұрақтары<br>Сауалнама құрауға арнайы тартылған мамандар ( түйіндеме)<br>Сауалнамаға қатысушылар саны<br>Сауалнама қорытындысы<br>Зерттеу нәтижелері<br>Мекемелерге жолданған ұсыныстар<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br>Фото<br>бейнеесеп | 10<br>2<br>2000<br>1<br>1<br>2<br>2<br>12<br>1 | 10<br>2<br>6841<br>1<br>1<br>2<br>2<br>12<br>1 | Шымкент қаласында 2024 жылдың шілде-қазан айларында, нашақорлық пен лудоманияға қарсы жастар мен жасөспірімдер арасында арнайы әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу қала жастарының осы мәселеге деген көзқарасын, түсінігін және алдын алу шараларына қатысты ұстанымдарын анықтау мақсатында ұйымдастырылды. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізу: **10** сұрақтан тұратын арнайы сауалнама құрастырылып, қала бойынша білім беру ұйымдары, жастар ұйымдары, сондай-ақ, жастар мен жасөспірімдердің жиі жиналатын орындарында өткізілді. Сауалнамаға қала жастары, жасөспірімдері мен оқушылары белсенді түрде қатысты. Барлығы **7000-ға** жуық жастар мен жасөспірімдер |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жасөспірімдері мен оқушылары белсенді түрде қатысты. Барлығы **7000-ға** жуық жастар мен жасөспірімдер қамтылды. | | | | қамтылды. Сауалнама нәтижелері: Респонденттердің көпшілігі нашақорлық пен лудоманияның зияндылығы туралы хабардар екенін, бірақ бұл мәселелердің алдын алу үшін қосымша ақпарат пен насихаттың қажет екенін атап өтті. Жастардың белгілі бір бөлігі салауатты өмір салтын қолдайтынын және зиянды әдеттерден аулақ болу маңызды екенін айтты. Қатысушылар нашақорлық пен лудоманияның алдын алу үшін білім беру мекемелерінде және қоғамда тұрақты ақпараттық іс-шаралар өткізуді ұсынды. Сауалнама нәтижелері қаладағы жастар мен жасөспірімдер арасында нашақорлық пен лудоманияға қарсы ақпараттандыру және алдын алу шараларын күшейту қажеттігін көрсетті. Бұл зерттеу жастардың денсаулығын қорғау |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | және салауатты өмір салтын насихаттауда маңызды құрал болды.<br><br>Қосымша 2 |
| | Шымкент қаласында өткізілетін орнын ресімдей отырып, «Нашақорлықты тоқтат!» тақырыбында 5 акция өткізу (қатысушылар саны кемінде – 150 адам, логотипі бар футболка – 100 дана, логотипі бар бейсболка – 100 дана, көлемі 30 ш. м баннер шығару) | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 200 | 2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында Шымкент қаласында қоғамда нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мақсатында 5 ірі акция өткізілді. Іс-шаралар жастардың денсаулығын қорғауға, ақпараттандыру деңгейін арттыруға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыруға бағытталды. | Келісілген акция бағдарламасы<br><br>«Нашақорлықты тоқтат!» тақырыбында акция өткізу<br><br>Келісілген 30 ш. м баннер шығару<br><br>Келісілген үлгідегі 100 футболка мен 100 бейсболка фотосы<br><br>келісілген үлгідегі 100 футболка мен 100 бейсболканы тапсыру-қабылдау актісі<br><br>Акцияға қатысушылар саны<br><br>Бейнепікір - Әр акцияға<br><br>Фото<br><br>Бейнеесеп<br><br>Әлеуметтік желідегі | 1<br><br>5<br><br>1<br><br>100<br><br>1<br><br>150-ден кем емес<br><br>2-ден кем емес<br><br>Әр акциядан 8<br><br>Әр акцияға 1-ден кем емес<br><br>Әр | 1<br><br>5<br><br>1<br><br>100<br><br>1<br><br>150<br><br>2<br><br>Әр акциядан 8<br><br>Әр акцияға 1<br><br>Әр | Шымкент қаласында «Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу» тақырыбында өткен 5 акция ұйымдастырылды.<br><br>2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында Шымкент қаласында қоғамда нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мақсатында 5 ірі акция өткізілді. Іс-шаралар жастардың денсаулығын қорғауға, ақпараттандыру деңгейін арттыруға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыруға бағытталды.<br><br>Әлеуметтік сауалнама жүргізу:<br>Түркістан көшесі бойында және Орталық саябақта 100-ден аса жасөспірімдер мен жастар арасында есірткі және лудоманияның зияны туралы сауалнама жүргізілді. Сауалнама |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | жарияланым | акцияға 2-ден кем емес | акцияға 2 | барысында қатысушылардың бұл мәселелерге қатысты ой-пікірлері тыңдалып, нашақорлық пен құмар ойындарының қауіптілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.<br><br>Есірткі жарнамаларын жою:<br>Волонтерлер тобы мен полиция қызметкерлері қала аумағындағы қабырғаларда, көпқабатты үйлердің беттерінде және басқа қоғамдық орындарда орналасқан есірткі сайттарын жарнамалайтын жазбаларды өшіру жұмысын ұйымдастырды.<br>Акция барысында 500-ден астам заңсыз граффити жойылды.<br><br>Ақпараттық брошюралар тарату:<br>Акциялардың барысында Тамерлан тас жолы, Әл-Фараби сауда орталығы, Арбат демалыс кешені, Б.Момышұлы көшесі және Shymkent Plaza сауда орталығында 2000 дана ақпараттық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | парақшалар таратылды. Бұл парақшаларда нашақорлық пен лудоманияның зиянды салдары туралы маңызды ақпараттар, олардан сақтану жолдары және байланыс орталықтарының деректері көрсетілді.<br><br>Акциялардың негізгі мақсаттары: Қоғамға нашақорлық пен лудоманияның зиянды әсерлері туралы ақпарат беру;<br>Бұл мәселелердің салдарын түсіндіру арқылы алдын алу шараларын насихаттау;<br>Азаматтарды денсаулығын қорғауға және зиянды әдеттерден аулақ болуға шақыру.<br><br>Жүргізілген 5 акцияның нәтижесінде Шымкент қаласының тұрғындары арасында нашақорлық пен лудоманияға қатысты ақпараттандыру деңгейі айтарлықтай артты. Әлеуметтік сауалнамалар жастардың пікірлерін ескере отырып, алдын |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | алу шараларын күшейтуге мүмкіндік берді. Есірткі сайттарын жарнамалайтын граффити жазбаларды жою қала келбетінің жақсаруына және құқықтық мәдениеттің артуына оң әсерін тигізді. |
| | Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша барлық суреттерді көрсетумен, суреттер конкурсын ұйымдастыру (жүлде қоры: 1 орын – 100 000 теңге, 2 орын – 70 000 теңге, 3 орын-50 000 теңге); | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 14 | Отбасы күніне орай Шымкент қаласында «Таза сана – Жарқын болашақ» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың негізгі мақсаты – нашақорлық пен лудоманияның зиянына қоғам назарын аударып, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ, отбасылық құндылықтарды арттыру болды.<br><br>Байқауға 14-35 жас аралығындағы 55 жас қатысты. Қатысушылар өз суреттерін әлеуметтік желі арқылы ұсынды.<br><br>Орындау сапасы мен эстетикалық құндылығы. | Тапсырыс берушімен келісілген байқау ережесі<br><br>Байқау туралы әлеуметтік желілерде жариялау<br><br>Келісілген әділ-қазылар<br><br>Қорытынды хаттамасы<br><br>Конкурсқа келіп түскен суреттердің фотосы – барлық<br><br>Жеңімпаздардың сыйлық алу актісі<br><br>Жеңімпаздардан әлеуметтік желідегі бейнепікірі<br><br>Фото<br><br>бейнеесеп<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым | 1<br><br>1<br><br>3<br><br>1<br><br>Барлық<br><br>1<br><br>3<br><br>12<br><br>1<br><br>3 | 1<br><br>1<br><br>3<br><br>1<br><br>14<br><br>1<br><br>3<br><br>12<br><br>1<br><br>3 | Отбасы күніне орай Шымкент қаласында «Таза сана – Жарқын болашақ» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың негізгі мақсаты – нашақорлық пен лудоманияның зиянына қоғам назарын аударып, салауатты өмір салтын насихаттау, сондай-ақ, отбасылық құндылықтарды арттыру болды.<br><br>Байқауға 14-35 жас аралығындағы 55 жас қатысты. Қатысушылар өз суреттерін әлеуметтік желі арқылы ұсынды. Әр жұмыс байқау тақырыбын шығармашылық тұрғыда ашуға бағытталды. Барлық ұсынылған суреттер арнайы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Қазылар алқасы суреттерді мұқият саралап, жеңімпаздарды анықтады.<br>Жеңімпаздар:<br>I орын: Нұрлан Айгерім Маратқызы<br>II орын: Тұрсынбек Жанерке Нұржанқызы<br>III орын: Бидосқызы Толқын<br>Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен сыйақы табысталды. | Марапаттау шарасына қатысушылар саны<br><br>Конкурсқа өтінім берген қатысушылар саны<br><br>БАҚ-та жариялау | 50<br><br>10<br><br>1 | 50<br><br>10<br><br>1 | комиссия мүшелерімен қаралып, 15 үздік жұмыс келесі кезеңге өтті.<br>Іріктеу және бағалау:<br>Іріктеуден өткен жұмыстар комиссияның сараптамасына ұсынылды.<br>Бағалау критерийлері:<br>Суреттің байқау тақырыбына сәйкестігі;<br>Идеяның ерекшелігі мен креативтілігі;<br>Орындау сапасы мен эстетикалық құндылығы.<br>Қазылар алқасы суреттерді мұқият саралап, жеңімпаздарды анықтады.<br>Жеңімпаздар:<br>I орын: Нұрлан Айгерім Маратқызы<br>II орын: Тұрсынбек Жанерке Нұржанқызы<br>III орын: Бидосқызы Толқын<br>Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен сыйақы табысталды.<br>Іріктеуден өткен қалған 12 қатысушыға сертификаттар мен алғыс хаттар ұсынылды.<br>Байқау жастар мен жасөспірімдер |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | арасында нашақорлық пен лудомания мәселелерін шығармашылық тұрғыда қозғап, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, байқау қатысушылары отбасылық құндылықтарды бейнелейтін көркем жұмыстарын ұсыну арқылы шығармашылық қабілеттерін шыңдады. |
| **2 міндет. Жастармен жұмыс жасайтын ҮЕҰ, оқу орындарының оқытушылық құрамы және белсенді жастар арасында нашақорлық және лудоманияға қарсы жұмыс дағдыларын күшейту** | Қаланың орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқушылар үшін спикерлердің қатысуымен кемінде 50 ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастыру (қатысушылар саны кемінде – 2 000 адам) | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 3600 | Шымкент қаласының орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мақсатында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді.<br>**Іс-шаралар ұйымдастыру:**<br>Барлығы **53 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы** ұйымдастырылды.<br>Әр шарада арнайы дайындалған | Ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілетін мектеп, орта және жоғары білім беру ұйымдарының саны<br>Ақпараттық-түсіндіру іс-шараларының келісілген бағдарламасы<br>іс-шараның тренері (резюме, диплом)<br>Іс-шара материалдары:Презентация<br>Келісілген видеоролик<br>Қатысушылар саны<br>Фото<br>бейне есеп | 50-ден кем емес<br>1<br>1<br>1<br>1<br>3050-ден кем емес<br>Әр іс-шарадан 4<br>Әр | 53<br>1<br>1<br>1<br>1<br>3600<br>212<br>53 | 2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында Шымкент қаласының орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мақсатында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілді.<br>**Іс-шаралар ұйымдастыру:**<br>Барлығы **53 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы** ұйымдастырылды.<br>Әр шарада арнайы дайындалған спикерлер мен білікті мамандар |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | спикерлер мен білікті мамандар (психологтар, наркологтар, құқық қорғау органдарының өкілдері) қатысып, жастарға өзекті ақпараттар берді. Іс-шаралар интерактивті форматта өткізіліп, қатысушыларға сұрақ-жауап сессиялары ұйымдастырылды. **Қатысушылар:** Барлық іс-шараларға **3000-нан астам** жастар қатысты. | Әлеуметтік желідегі жарияланым келісілген ақпараттық брошюра үлгісі жастардан алынатын сауалнама қорытындысы | шарадан 1 Әр шарадан 1 1<br><br>білімдері 50%-ға артады" | 53<br><br>1<br><br>80%-ға артты | (психологтар, наркологтар, құқық қорғау органдарының өкілдері) қатысып, жастарға өзекті ақпараттар берді. Іс-шаралар интерактивті форматта өткізіліп, қатысушыларға сұрақ-жауап сессиялары ұйымдастырылды. **Қатысушылар:** Барлық іс-шараларға **3000-нан астам** жастар қатысты. Қатысушылар қатарында қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының студенттері болды. **Іс-шаралардың негізгі тақырыптары:**<br>1. Нашақорлықтың денсаулыққа зияны және оның психологиялық әсері.<br>2. Лудоманияның жеке тұлға мен отбасы өміріне тигізетін кері әсері.<br>3. Зиянды әдеттердің алдын алу |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | жолдары және қиындықтарды еңсеру тәсілдері.<br>4. Салауатты өмір салтын ұстанудың артықшылықтары.<br>5. Құқықтық білім беру: нашақорлық пен лудоманияға қатысты заңнамалық нормалар.<br>Қатысушылар нашақорлық пен лудоманияның зиянды салдары туралы нақты ақпарат алды.<br>Жастар арасында зиянды әдеттерге қарсы тұруға мотивация қалыптасып, салауатты өмір салтын ұстану туралы түсінік кеңейді.<br>Спикерлердің ұсыныстары мен кеңестері жастар арасында белсенді түрде талқыланды.<br>Бұл іс-шаралар жастарды зиянды әдеттердің алдын алуға, өз денсаулығына жауапкершілікпен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | қарауға және қоғамдағы өзекті мәселелерді түсінуге бағыттады. Осындай жүйелі жұмыстар жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және олардың зиянды әрекеттерден аулақ болуына оң әсерін тигізді. |
| | Шымкент қаласында орналасқан мектеп директорларының орынбасарлары мен психолог мамандары арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу тақырыбында форум өткізу (қатысушылар саны кемінде – 100 адам). | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 560 | Шымкент қаласында мектеп директорларының орынбасарлары, психолог мамандар және жастардың қатысуымен нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бағытында «Relife» форумы өтті. Форумға 560 адам қатысты. | Келісілген форум бағдарламасы –<br><br>Форумға қатысушылар саны<br><br>тізім<br><br>Келісілген мастер класс ұйымдастырушы тренер (тізімі, түйіндеме)<br><br>Келісілген форум жұмысына байланысты сауалнама сұрақтары<br><br>Фото<br><br>бейнеесеп<br><br>Форум резолюциясы<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым | 1<br><br>100<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>20<br><br>1<br><br>1<br><br>3 | 1<br><br>560<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>20<br><br>6<br><br>1<br><br>11 | Шымкент қаласында мектеп директорларының орынбасарлары, психолог мамандар және жастардың қатысуымен нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бағытында «Relife» форумы өтті. Форумға 560 адам қатысты. Іс-шара барысында спикерлер нашақорлық пен лудоманияның зиянды салдары, алдын алу жолдары және жастар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша мазмұнды баяндамалар жасады. Форум аясында жоба шеңберінде ұйымдастырылған «Таза сана – Жарқын болашақ» тақырыбындағы сурет |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | байқауы мен «Жеңімпаз өмір» бейнероликтер байқауының жеңімпаздары марапатталды. Жеңімпаздарға дипломдар мен арнайы сыйлықтар табысталды. Форум зиянды әдеттердің алдын алу және жастардың салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру мақсатында маңызды алаң ретінде жоғары бағаланды. |
| | Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелері бойынша орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдары мектеп психологтары мен жастармен жұмыс жасайтын мамандарының әлеуетін арттыру бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастыру | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 42 | Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелері бойынша орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының мектеп психологтары мен жастармен жұмыс жасайтын мамандардың әлеуетін арттыру мақсатында екі оқыту іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында қатысушыларға жаңа әдіснамалар ұсынылып, олардың тәжірибесінде қолдануға болатын тиімді тәсілдер | әлеуетін арттыру бойынша оқыту іс-шаралары<br><br>келісілген оқыту іс-шарасының бағдарламасы<br><br>келісілген оқыту іс-шарасының тренерлері (тізімі, түйіндемелері)<br><br>Тренердің шара барсында пайдаланған баяндамасы, слайды<br><br>келісілген сауалнама сұрақтары/үлгісі<br><br>Сауалнама қорытындысы<br><br>Фото | 2<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>Әр | 2<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>1<br><br>18 | Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелері бойынша орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдарының мектеп психологтары мен жастармен жұмыс жасайтын мамандардың әлеуетін арттыру мақсатында екі оқыту іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында қатысушыларға жаңа әдіснамалар ұсынылып, олардың тәжірибесінде қолдануға болатын тиімді тәсілдер таныстырылды. Шаралар интерактивті форматта өтіп, еркін |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | таныстырылды. | <br><br><br>Бейнеесеп<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Сертификат жалпы сертификат<br><br>Пікір<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br><br>мектеп психологтары мен жастармен жұмыс жасайтын мамандар арасындағы сауалнама қорытындысы | тренингтен 8<br><br>2<br><br>20<br><br>20<br><br>2<br><br>2<br><br>дағдылары 50%-ға артады | <br><br><br>2<br><br>62<br><br>62<br><br>4<br><br>4<br><br>дағдылары 90%-ға артады | пікір алмасу алаңына айналды. Мамандар бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, ортақ мәселелерді шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар, іс-шара барысында қатысушылар арасында сауалнама жүргізіліп, нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша жаңа ұсыныстар мен идеялар жинақталды. Іс-шара соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Бұл оқыту іс-шаралары мамандардың кәсіби біліктілігін арттырып, жастар арасында зиянды әдеттердің алдын алу жұмыстарының тиімділігін жақсартуға бағытталды. |
| **3 міндет. Нашақорлық пен лудомания ға қарсы жергілікті және сапалы қазақ тілді контент қалыптастырып,** | Нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыс (көше билбордтарына кемінде 20 баннер орнату, нашақорлық пен лудоманияның алдын | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | - | Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Қала көшелерінде кемінде **20 (билбор ретінде) LED**-ке нашақорлықтың | Эскизі, тақырыбы келісілген көше билбордтарын орнату<br><br>Фотоесеп<br><br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br><br>Келісілген бейнеролик дайындау (мемлекеттік және | 20<br><br>20<br><br>4<br><br>4 | 20<br><br>20<br><br>4<br><br>4 | Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Қала көшелерінде кемінде **20 (билбор ретінде) LED**-ке нашақорлықтың |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **танымалету** | алуға бағытталған 4 бейнеролик (мемлекеттік және орыс тілдерінде) дайындау | | | | зияны мен алдын алу туралы ақпараттық баннерлер орнатылды.<br><br>Сонымен қатар, нашақорлық пен лудоманияның алдын алуға бағытталған **4 бейнеролик** мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалып, әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындардағы LED-экрандарда көрсетілді. | орыс тілдерінде)<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым (скрин, сілтеме, қаралым саны)<br><br>Подкаст (блогер немесе сарапшылар немес қоғам қайраткерлерінің) | <br><br>12<br><br>3 | <br><br>12<br><br>3 | зияны мен алдын алу туралы ақпараттық баннерлер орнатылды.<br><br>Сонымен қатар, нашақорлық пен лудоманияның алдын алуға бағытталған **4 бейнеролик** мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалып, әлеуметтік желілерде және қоғамдық орындардағы LED-экрандарда көрсетілді. Ақпараттың жастар арасында танымалдығын арттыру мақсатында сала мамандарымен подкасттар түсірілді. Бұл бейнероликтер зиянды әдеттердің салдары мен олардың алдын алу жолдары туралы халықты ақпараттандыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды.<br><br>Іс-шаралар тұрғындар арасында ақпараттық жұмыс жүргізуді күшейтіп, қоғамда салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыруға оң ықпалын тигізді. |
| | Нашақорлық пен лудоманияның | тамыз - қараша 2024 ж | Шымкент қаласы | 14 | «Жеңімпаз өмір» бейнероликтер байқауы өтті. | Келісілген байқау ережесі | 1 | 1 | Жоба аясында әлеуметтік желілерде **«Жеңімпаз өмір»** |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | алдын алу бойынша бейнероликтер конкурсын ұйымдастыру (жүлде қоры: 1 орын – 150 000 теңге, 2 орын – 100 000 теңге, 3 орын – 70 000 теңге); | | | | Байқау 14-35 жас аралығындағы жастар арасында өткізіліп, салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен лудоманияға қарсы күресті мақсат етті. Байқауға Шымкент қаласының **14 тұрғыны** қатысып, олардың ішінен комиссия мүшелерінің қарауына **15 бейнеролик** ұсынылды. Қатысушылар бейнероликтерінде зиянды әдеттердің салдары туралы ойларын шығармашылық тұрғыда жеткізіп, салауатты өмір сүрудің маңыздылығын көрсетті. **Қорытындысы бойынша жеңімпаздар:**<br>• **I орын:** Бораш Лаура<br>• **II орын:** Құрымбаева Заура<br>• **III орын:** Серікқызы Қасиет<br>Жеңімпаздар | Байқау туралы әлеуметтік желілерде жариялау<br><br>келісілген әділ-қазылар мүшелері (түйіндеме, диплом)<br><br>Қорытынды хаттамасы<br><br>Жеңімпаздардың сыйлық алу актісі<br><br>Жалпы шараға қатысушылар саны<br><br>Конкурсқа өтінім берушілер саны<br><br>Жеңімпаздардан әлеуметтік желідегі бейнепікірі<br><br>Фото<br><br>бейнеесеп<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br><br>БАҚ-тағы жарияланым | 1<br><br>3<br><br>1<br><br>1<br><br>50<br><br>10<br><br>3<br><br>12<br><br>1<br><br>2<br><br>1 | 2<br><br>3<br><br>1<br><br>1<br><br>50<br><br>14<br><br>3<br><br>12<br><br>1<br><br>2<br><br>1 | **бейнероликтер байқауы** ұйымдастырылды. Байқау 14-35 жас аралығындағы жастар арасында өткізіліп, салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен лудоманияға қарсы күресті мақсат етті. Байқауға Шымкент қаласының **14 тұрғыны** қатысып, олардың ішінен комиссия мүшелерінің қарауына **3 бейнеролик** ұсынылды. Қатысушылар бейнероликтерінде зиянды әдеттердің салдары туралы ойларын шығармашылық тұрғыда жеткізіп, салауатты өмір сүрудің маңыздылығын көрсетті. **Қорытындысы бойынша жеңімпаздар:**<br>• **I орын:** Бораш Лаура<br>• **II орын:** Құрымбаева Заура<br>• **III орын:** Серікқызы Қасиет<br>Жеңімпаздар арнайы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | арнайы дипломдар мен ынталандыру сыйақымен марапатталды. | | | | дипломдар мен ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Байқау жастар арасында өзекті мәселелерге назар аударып, салауатты өмір салтын насихаттауда маңызды рөл атқарды. |
| Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | Өткізілген іс шаралар және жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | | | | | Қорытынды есеп саны<br>Презентация қатысушылар саны | 1<br>5 | 1<br>5 | |
| Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс | Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау | | | | | Әлеуметтік желідегі жоба аккаунттар саны<br>Әлеуметтік желіде шығарылған бейнеролик саны<br>Әлеуметтік желілерде жарияланған посттар саны<br>Әлеуметтік желілердегі жалпы қаралым саны | 3<br>25<br>50<br>100 000 астам | 3<br>25<br>50<br>100 000 астам | |
| | Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау | | | | | БАҚ көздерінде жарияланымдар саны | 2 | 2 | |
| | Әрбір іс-шараның фото және бейне түсірілімін ұйымдастыру. | | | | | Фотосурет<br>бейнеролик<br>Дайджест (әлеуметтік желілер, арнайы веб- | 100-ден кем емес<br>20-дан кем емес<br>1 | 100-ден кем емес<br>20-дан кем емес<br>1 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | сайт) барлық шаралар бойынша жарияланымдардың скриндары мен сілтемелері. | | | |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:** Жоспарланған іс-шаралар орындалды, ауытқулар жоқ.

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 3050 | 5940 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | 100 000 | 100 000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 3 | 3 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | 2 | 2 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | 2 ұйым | 10 ұйым |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 1 400 000 | 1 400 000 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 159 040 | 159 040 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 6 156 960 | 6 156 960 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 1 | 1 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**
қаланың орта, арнаулы орта және жоғары білім беру ұйымдарында оқушылар үшін спикерлердің қатысуымен кемінде 50 ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын ұйымдастырылды;
Шымкент қаласында орналасқан мектеп директорларының орынбасарлары мен психолог мамандары арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу тақырыбында форум өтті;
4 ай ішінде нашақорлықпен және лудоманиямен ауыратын жастармен психологтың жеке қабылдауын өткізді;
нашақорлық пен лудоманияның алдын алу мәселелері бойынша орта арнаулы және жоғары білім беру ұйымдары психологтарының әлеуетін арттыру бойынша оқыту іс-шараларын ұйымдастырылды;
нашақорлықтың алдын алу мәселелері бойынша Шымкент қаласының жастары арасында әлеуметтік зерттеу жүргізілді;
Шымкент қаласында өткізілетін орнын ресімдей отырып, «Нашақорлықты тоқтат!» тақырыбында 5 акция өтті;

Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша барлық суреттерді көрсетумен, суреттер конкурсын ұйымдастырылды;
Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша бейнероликтер конкурсын ұйымдастырылды;
Нашақорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыс (көше билбордтарына кемінде 20 баннер орнату, нашақорлық пен лудоманияның алдын алуға бағытталған 4 бейнеролик дайындалды;
Әрбір іс-шараның фото және бейне түсірілімін ұйымдастырылды.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

**1) Көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып)**:

Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. «Сенім телефоны» арқылы 125 жасөспірім мен жастарға психологиялық көмек көрсетілді, ал 7000-ға жуық қатысушы арасында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Қалада 5 ірі акция өткізіліп, 500-ден астам заңсыз граффити жойылып, 2000 ақпараттық парақша таратылды. «Таза сана – Жарқын болашақ» сурет байқауы мен «Relife» форумы сияқты іс-шаралар жастардың салауатты өмірге деген ынтасын арттырды.

**2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):**

Жоба аясында жасөспірімдер мен жастар арасында ақпараттың таралымы төмек екені сезілді және біздің жобамыздың аясында мектептерде өткен шарасы өзінің ұзақ мерзімді оң әсерін бере деп ойлаймыз;

**3) Іске асырылған жобаның әулеметтік-экономикалық әсері:**

Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері бірнеше маңызды бағытта көрінеді. Олардың негізгілері:

**Әлеуметтік әсерлер:**

**Қоғамдық денсаулық сақтау**: Нашақорлық пен лудомания жастар арасында психоәлеуметтік және физикалық мәселелерді тудырады. Бұл жобалар жастардың психоэмоционалдық әл-ауқатын жақсартуға, денсаулық сақтау жүйесіндегі жүктемені азайтуға көмектеседі. Нашақорлықтың алдын алу арқылы денсаулық сақтау шығындары да азаяды.

**Қоғамдық тәртіп**: Нашақорлық пен лудомания қылмысқа, құқық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін. Жастар арасында осы мәселелердің алдын алу қоғамдағы тәртіпті нығайтуға, қылмыс деңгейін төмендетуге әсер етеді.

**Жастардың әлеуметтік бейімделуі**: Жобалар жастарға қолдау көрсету арқылы олардың әлеуметтік өмірде дұрыс бейімделуіне, отбасылық қарым-қатынастардың нығаюына, қоғамға тиімді интеграциялануына ықпал етеді.

**Психоәлеуметтік сауаттылық**: Жастардың зиянды әдеттерден сақтану туралы білімдерін арттыру, психоәлеуметтік сауаттылықты нығайту қоғамда жалпы түрде позитивті өзгерістерге әкеледі.

**Экономикалық әсерлер:**

**Еңбек өнімділігінің артуы**: Нашақорлық пен лудоманияға байланысты жастар еңбек нарығында қатысуға немесе жұмыс істеген жағдайда өнімділік деңгейінің төмендеуіне себеп болады. Алдын алу шаралары жастардың жұмысқа қабілеттілігін жақсартып, еңбек нарығында олардың белсенділігін арттырады.

**Мемлекеттік шығындарды азайту**: Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу әлеуметтік көмек көрсету, денсаулық сақтау, қылмыстық сот ісін жүргізу сияқты мемлекеттік шығындарды азайтуға әкеледі. Бұл бюджетке қосымша ауыртпалықты болдырмайды.
**Ұрпақтар арасындағы тұрмыстық жағдайдың жақсаруы**: Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу жастардың отбасылық және жеке қаржылық жағдайларын жақсартуға әсер етеді. Бұл болашақта қоғамның экономикалық жағдайына оң ықпал етеді.
**Қоғамдық көмек пен әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігі**: Алдын алу шараларын тиімді іске асыру арқылы мемлекет әлеуметтік көмек бағдарламаларына жұмсалатын қаражатты тиімді пайдалануға мүмкіндік алады.
**Ұзақ мерзімді әсерлер:**
**Болашақтағы әлеуметтік капиталдың қалыптасуы**: Алдын алу жобалары жастар арасында жауапкершілік, әлеуметтік үйлесімділік, және адалдық сияқты құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл қоғамның әлеуметтік капиталының артуына әкеледі, әрі жастардың белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға мүмкіндік береді.
**Қоғамдық сананың өзгеруі**: Жобаның нәтижесінде қоғамда зиянды әдеттерге қарсы күреске деген жауапкершілік сезімі артады, бұл болашақта жастар арасындағы профилактикалық шаралардың әрі қарай жалғасуына ықпал етеді.
**Қорытынды:**
Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу жобаларының әлеуметтік-экономикалық әсері өте кең ауқымды, ол тек денсаулық сақтау немесе құқық қорғау салаларына ғана емес, жалпы қоғамның тұрақтылығы мен экономикалық дамуына да тікелей әсер етеді. Жоба осындай мәселелерді шешуге бағытталған болса, ол қоғамның әртүрлі салаларында оң өзгерістерге әкеледі, бұл ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсімді қамтамасыз етуге де ықпал етеді.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

1) **Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 5940 | 1500 | 4440 |

2) **Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5940 | 1500 | 2000 | - | 700 | 98 | - | 650 | 192 | 400 | 400 |

3) **Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5940 | 1500 | 1645 | 995 | 700 | 300 | 800 | - |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

Шымкент қаласында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша кешенді жұмыстар жүргізілді. «Сенім телефоны» арқылы 125 жасөспірім мен жастарға психологиялық көмек көрсетілді, ал 7000-ға жуық қатысушы арасында әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Қалада 5 ірі акция өткізіліп, 500-ден астам заңсыз граффити жойылып, 2000 ақпараттық парақша таратылды. «Таза сана – Жарқын болашақ» сурет байқауы мен «Relife» форумы сияқты іс-шаралар жастардың салауатты өмірге деген ынтасын арттырды.

**2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):**

Жоба аясында жасөспірімдер мен жастар арасында ақпараттың таралымы төмек екені сезілді және біздің жобамыздың аясында мектептерде өткен шарасы өзінің ұзақ мерзімді оң әсерін бере деп ойлаймыз;

**3) Іске асырылған жобаның әулеметтік-экономикалық әсері:**

Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу бойынша іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері бірнеше маңызды бағытта көрінеді. Олардың негізгілері:

**Әлеуметтік әсерлер:**

**Қоғамдық денсаулық сақтау**: Нашақорлық пен лудомания жастар арасында психоәлеуметтік және физикалық мәселелерді тудырады. Бұл жобалар жастардың психоэмоционалдық әл-ауқатын жақсартуға, денсаулық сақтау жүйесіндегі жүктемені азайтуға көмектеседі. Нашақорлықтың алдын алу арқылы денсаулық сақтау шығындары да азаяды.

**Қоғамдық тәртіп**: Нашақорлық пен лудомания қылмысқа, құқық бұзушылықтарға әкелуі мүмкін. Жастар арасында осы мәселелердің алдын алу қоғамдағы тәртіпті нығайтуға, қылмыс деңгейін төмендетуге әсер етеді.

**Жастардың әлеуметтік бейімделуі**: Жобалар жастарға қолдау көрсету арқылы олардың әлеуметтік өмірде дұрыс бейімделуіне, отбасылық қарым-қатынастардың нығаюына, қоғамға тиімді интеграциялануына ықпал етеді.

**Психоәлеуметтік сауаттылық**: Жастардың зиянды әдеттерден сақтану туралы білімдерін арттыру, психоәлеуметтік сауаттылықты нығайту қоғамда жалпы түрде позитивті өзгерістерге әкеледі.

**Экономикалық әсерлер:**

**Еңбек өнімділігінің артуы**: Нашақорлық пен лудоманияға байланысты жастар еңбек нарығында қатысуға немесе жұмыс істеген жағдайда өнімділік деңгейінің төмендеуіне себеп болады. Алдын алу шаралары жастардың жұмысқа қабілеттілігін жақсартып, еңбек нарығында олардың белсенділігін арттырады.

**Мемлекеттік шығындарды азайту**: Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу әлеуметтік көмек көрсету, денсаулық сақтау, қылмыстық сот ісін жүргізу сияқты мемлекеттік шығындарды азайтуға әкеледі. Бұл бюджетке қосымша ауыртпалықты болдырмайды.

**Ұрпақтар арасындағы тұрмыстық жағдайдың жақсаруы**: Нашақорлық пен лудоманияның алдын алу жастардың отбасылық және жеке қаржылық жағдайларын жақсартуға әсер етеді. Бұл болашақта қоғамның экономикалық жағдайына оң ықпал етеді.

**Қоғамдық көмек пен әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігі**: Алдын алу шараларын тиімді іске асыру арқылы мемлекет әлеуметтік көмек бағдарламаларына жұмсалатын қаражатты тиімді пайдалануға мүмкіндік алады.

**Ұзақ мерзімді әсерлер:**

**Болашақтағы әлеуметтік капиталдың қалыптасуы**: Алдын алу жобалары жастар арасында жауапкершілік, әлеуметтік үйлесімділік, және адалдық сияқты құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл қоғамның әлеуметтік капиталының артуына әкеледі, әрі жастардың белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға мүмкіндік береді.

**Қоғамдық сананың өзгеруі**: Жобаның нәтижесінде қоғамда зиянды әдеттерге қарсы күреске деген жауапкершілік сезімі артады, бұл болашақта жастар арасындағы профилактикалық шаралардың әрі қарай жалғасуына ықпал етеді.

**Қорытынды:**

Жастар арасында нашақорлық пен лудоманияның алдын алу жобаларының әлеуметтік-экономикалық әсері өте кең ауқымды, ол тек денсаулық сақтау немесе құқық қорғау салаларына ғана емес, жалпы қоғамның тұрақтылығы мен экономикалық дамуына да тікелей әсер етеді. Жоба осындай мәселелерді шешуге бағытталған болса, ол қоғамның әртүрлі салаларында оң өзгерістерге әкеледі, бұл ұзақ мерзімді перспективада экономикалық өсімді қамтамасыз етуге де ықпал етеді.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?** Жоба аясында Шымкент қаласындағы басты серіктесіміз «Жастар рухы» жастар ұйымы және оған қоса жергілікті білім беру ұйымдары. Шараларды ұйымдастыру кезінде залмен қамтамасыз ету, ақпараттық қамтуға үлестерін қосты.

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жобадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| Жастар рухы | Шараларды ұйымдастыру кезінде залмен қамтамасыз ету, ақпараттық қамтуға үлестерін қосты | +7 700 323 4040 | - |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ақпараттық мақсаттағы жоба | Медиа | Барлық жасөспірімдер мен жастар нашақорлық пен лудоманияның алдын алу туралы ақпарат білеуі қажет. Ал осы мақсатқа қол жеткізудің құралы бүгінгі таңда әлеуметтік желілер | 20 000 000 | грант | Жастар арасында салауатты өмір салтын құры |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша <u>нақты практикалық ұсынымдарды</u> көрсетіңіз.**

| **Мемлекететік органдар** | **Ұсынымдар** | **Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні** ***(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)*** |
|---|---|---|
| Шымкент қаласы Білім беру басқармасы | Ақпараттық оқу-ағарту шараларын жиі ұйымдастыру бойынша | №27<br>25.11.2024 |

**Есеп беттерінің жалпы саны:**
**Грант алушы:**




Толтыру күні: 29.11.2024
Мөрдің орны